

## **Ұжымдық келіссөздерді ұйымдастыру және жүргізу құқығы принциптерін қолдану туралы конвенцияны бекіту туралы**

Қазақстан Республикасының 2000 жылғы 14 желтоқсандағы N 118-ІІ Заңы

Женевада 1949 жылғы 1 шілдеде Халықаралық еңбек ұйымы Бас конференциясының 32-сессиясы қабылдаған Ұжымдық келіссөздерді ұйымдастыру және жүргізу құқығы принциптерін қолдану туралы конвенция (98-конвенция) бекітілсін.

*Қ а з а қ с т а н                      Р е с п у б л и к а с ы н ы ң*

*Президенті*

### **98-КОНВЕНЦИЯ**

#### **"Ұжымдық келіссөздерді ұйымдастыруға және жүргізуге құқық қағидаттарын қолдану туралы" Конвенция**

*(2002 жылғы 18 мамырда күшіне енді - ҚР СИМ-нің ресми сайты)*

Женевада Халықаралық Еңбек Бюросының Әкімшілік Кеңесі шақырған және 1949 жылғы 8 маусымда өзінің отыз екінші сессиясына жиналған, Халықаралық Еңбек Ұйымының Бас Конференциясы сессияның күн тәртібінде төртінші тармақ болып табылатын ұжымдық келіссөздерді ұйымдастыруға және жүргізуге құқық қағидаттарын қолдану туралы бірқатар ұсыныстарды қабылдау туралы қаулы ете отырып, осы ұсыныстарға халықаралық конвенция нысанын беру керектігін шеше отырып, осы бір мың тоғыз жүз қырық тоғызыншы жылғы шілде айының бірінде осы Конвенцияны қабылдады, оны ұжымдық келіссөздерді ұйымдастыруға және жүргізуге құқық қағидаттарын қолдану туралы 1949 жылғы Конвенция деп атауға болады.

#### **1-бап**

1. Еңбекшілер еңбек саласында бірігу еркіндігіне қысым жасауға бағытталған кез келген кемсітушілік әрекеттеріне қарсы тиісті қорғауды пайдаланады.

2. М ұ н д а й    қ о р ғ а у    м а қ с а т ы :

- a) еңбекшілерді жұмысқа қабылдауды немесе олардың жұмысын сақтап қалуын кәсіподаққа кірмеуін немесе кәсіподақтан шығуын талап ететін шартқа бағындыру;
- b) еңбекшілердің кәсіподақ мүшесі болғандығын немесе кәсіподақ қызметіне

жұмыстан тыс уақытта немесе кәсіпкердің келісімімен жұмыс уақытында қатысқандығын негізге алып, оны жұмыстан шығару немесе басқа тәсілмен оған зиян келтіру болып табылатын әрекеттерге қатысты қолданылады.

## **2-бап**

1. Еңбекшілер мен кәсіпкерлер ұйымы ұйымдарды құру мен оның қызметінде және оларды басқаруда бірінің тарапынан немесе олардың агенттері немесе мүшелері тарапынан болатын кез келген араласу актісіне қарсы тиісті қорғауды пайдаланады.

2. Атап айтқанда, еңбекшілер ұйымдарын кәсіпкерлер немесе кәсіпкерлер ұйымдарының үстемдігімен бекітуге ықпал ету немесе еңбекшілер ұйымдарын кәсіпкерлердің немесе кәсіпкерлер ұйымдарының бақылауына қою мақсатында оларды қаржыландыру жолымен немесе басқадай жолмен қолдауға ықпал ету мақсаты бар әрекеттер осы баптың мағынасында араласу болып қаралады.

## **3-бап**

Алдыңғы баптарда белгіленгеніндей, ұйым құру құқығын сыйлауды қамтамасыз ету мақсатында қажет болған жерде елдің талаптарына сай келетін аппарат құрылады.

## **4-бап**

Қажет болған жерлерде-ұжымдық шарт жасау арқылы еңбек жағдайларын реттеу мақсатында, бір жағынан кәсіпкерлер немесе кәсіпкерлер ұйымдары, екінші жағынан еңбекшілер ұйымдары арасында ерікті негізде келіссөздер жүргізу рәсімін толық дамыту мен пайдалануды көтермелеу және оған мүмкіндік туғызу мақсатында елдің талаптарына сай келетін шаралар қолданылады.

## **5-бап**

1. Осы Конвенцияда көзделген кепілдіктердің қарулы күштер мен полицияға қандай мөлшерде қолданылатыны елдің заңдарында белгіленеді.

2. Халықаралық Еңбек Ұйымы Жарғысының 19-бабының 8-тармағында айтылған қағидаттарға сәйкес Ұйымның кез келген мүшесінің осы Конвенцияны бекітуі қарулы күштердің жеке құрамына және полицияға осы Конвенцияда көзделген кез келген құқықты беретін қолданылып жүрген заңдарға, сот шешімдеріне, дәстүрлерге немесе келісімдерге қатысты деп қарастырылмайды.

## **6-бап**

Осы Конвенция мемлекеттік қызметшілерге қолданылмайды және олардың құқықтары мен жағдайларына зиян келтіретіндей болып пайымдалмайды.

## **7-бап**

Осы Конвенцияны бекіту туралы ресми құжаттар тіркеу үшін Халықаралық Еңбек Бюросының Бас директорына жіберіледі.

## **8-бап**

1. Бекіту туралы құжаттарын Бас директор тіркеген Халықаралық Еңбек Ұйымының Мүшелері ғана осы Конвенция арқылы өзара байланыста болады.

2. Ол Ұйымның екі Мүшесінің бекіту туралы құжаттарын Бас директор тіркегеннен кейін он екі ай өткен соң күшіне енеді.

3. Бұдан соң Ұйымның әрбір Мүшесінің бекіту туралы құжаты тіркелген күннен кейін он екі ай өткен соң осы Конвенция Ұйымның сол мүшесіне қатысты күшіне енеді .

## **9-бап**

1. Халықаралық Еңбек Ұйымы Жарғысының 35-бабының 2-тармағының ережелеріне сәйкес Халықаралық Еңбек Бюросының Бас Директорына жіберілген ө т і н і ш т е :

а) Ұйымның мүдделі мүшесі осы Конвенцияның ережелерін өзгеріссіз қолдануға міндеттенетін аумақтарға қатысты нұсқаулар;

б) осы Конвенцияның ережелерін өзгерістерімен қоса қолдануға міндеттенетін аумақтарға қатысты нұсқаулар және осы өзгерістердің егжей-тегжейі;

с) Конвенция қолданылмайтын аумақтарға қатысты нұсқаулар және бұл жағдайда оның қолданылмау себептері;

д) өзінің шешімін ережені одан әрі қарағанға дейін кейінге қалдыратын аумақтарға қатысты нұсқаулар көрсетіледі.

2. Осы баптың 1-тармағының а) және б) тармақшаларында айтылған міндеттемелер бекіту туралы құжаттың ажырамас бөлігі болып саналады және нәтижесі онымен б і р д е й б о л а д ы .

3. Ұйымның кез келген Мүшесі жаңа өтініш арқылы өзінің бұдан бұрынғы өтінішіндегі ескертпелерінің бәрінен немесе бір бөлігінен осы баптың 1-тармағының б), с) және д) тармақшаларына орай бас тарта алады.

4. Ұйымның кез келген Мүшесі 11-баптың ережелеріне сәйкес осы Конвенция

күшін жоюы мүмкін кезең ішінде Бас Директорға мұның алдындағы кез келген өтінішіндегі жағдайларды өзгертетін және белгілі бір аумақтардағы ахуал туралы хабарлайтын жаңа өтініш жолдай алады.

## **10-бап**

1. Халықаралық Еңбек Ұйымы Жарғысының 35-бабының 4 және 5-тармақтарының ережелеріне сәйкес Халықаралық Еңбек Бюросының Бас Директорына жіберілетін өтініштерде осы Конвенцияның ережелері сол аумақта өзгерістермен қоса немесе өзгерістерсіз қолданылу-қолданылмауы көрсетіледі; егер өтініште осы Конвенцияның ережелері өзгертілген жағдайда қолданылады деп көрсетілсе, онда осы өзгерістердің қандай өзгерістер екендігі нақтыланады.

2. Мүдделі Ұйымның Мүшесі немесе Мүшелері немесе халықаралық билік орындары кез келген уақытта жаңа өтініш арқылы алдыңғы өтініштердің біреуінде айтылған өзгерістерді пайдалану құқығынан толық немесе ішінара бас тартуы мүмкін.

3. Мүдделі Ұйымның Мүшесі немесе Мүшелері немесе халықаралық билік орындары 11-баптың ережелеріне сәйкес Конвенцияның күші жойылуы мүмкін кезендерде Бас Директорға мұның алдындағы кез келген өтініштің шарттарын кез келген нәрсеге қатысты өзгертетін және осы Конвенцияның қолданылуына қатысты ережелер туралы хабарлайтын жаңа өтініш жіберуі мүмкін.

## **11-бап**

1. Ұйымның осы Конвенцияны бекітуші кез келген Мүшесі ол алғаш күшіне енгізілген кезден бастап он жыл мерзім өткен соң Халықаралық Еңбек Бюросының Бас Директорына жіберілген және онда тіркелген күшін жою туралы акті арқылы оның күшін жоя алады. Күшін жою осы туралы актіні тіркегеннен кейін бір жылдан соң кү ш і н е е н е д і .

2. Ұйымның осы Конвенцияны бекіткен кез келген Мүшесі алдыңғы тармақта айтылған он жыл кезең өткеннен кейінгі бір жыл мерзім ішінде күшін жою туралы осы бапта көзделген өз құқығын пайдаланбаса, келесі он жыл мерзімде онымен байланысын үзе алмайды және кейіннен әрбір он жылдық кезең өткен соң бұл Конвенцияның күшін осы бапта белгіленген тәртіппен жоя алады.

## **12-бап**

1. Халықаралық Еңбек Бюросының Бас Директоры Ұйым Мүшелерінен алған бекіту туралы құжаттарды, күшін жою туралы өтініштер мен актілерді тіркегені туралы Халықаралық Еңбек Ұйымының барлық Мүшелеріне хабарлайды.

2. Бекіту туралы өзі алған екінші құжаттың тіркелгені туралы Ұйым мүшелеріне

хабарлай отырып, Бас Директор олардың назарын осы Конвенцияның күшіне енген күніне аударады.

### **13-бап**

Халықаралық Еңбек Бюросының Бас Директоры Біріккен Ұлттар Ұйымы Жарғысының 102-бабына сәйкес тіркеу үшін алдыңғы баптардың ережелеріне сәйкес өзі тіркеген бекіту туралы барлық құжаттарға, күшін жою туралы өтініштер мен актілерге қатысты толық мәліметтерді Біріккен Ұлттар Ұйымының Бас Хатшысына жібереді.

### **14-бап**

Халықаралық Еңбек Бюросының Әкімшілік Кеңесі қажет деп тапқан әрбір ретте Бас Конференцияға осы Конвенцияны қолдану туралы баяндаманы ұсынады және Конференцияның күн тәртібіне оны толық немесе ішінара қайта қарау туралы мәселені енгізу қажеттігін шешеді\*.

-----  
\* - Баптың бұл мәтіні 1961 жылы қабылданды. 116-Конвенцияны қараңыз.

### **15-бап**

1. Егер Конференция осы Конвенцияны толық немесе ішінара қайта қарайтын жаңа конвенцияны қабылдаған жағдайда және жаңа конвенцияда керісінше көзделмеген б о л с а , о н д а :

а) Ұйымның қайсыбір Мүшесінің қайта қаралған жаңа конвенцияны бекітуі, қайта қаралған жаңа конвенция күшіне енгізілген жағдайда, 11-баптың ережелеріне қарамастан, осы Конвенция күшінің жедел түрде өзінен өзі жойылуына әкеп соқтырады ;

б) қайта қаралған жаңа конвенция күшіне енгізілген күннен бастап осы Конвенция оны Ұйым Мүшелерінің бекітуі үшін жабық болады.

2. Осы Конвенция оны бекіткен, бірақ қайта қаралған жаңа конвенцияны бекітпеген Ұйымның Мүшелері үшін нысаны мен мазмұны жағынан өз күшінде қалады.

### **16-бап**

Осы Конвенцияның ағылшынша және французша мәтіндерінің күші бірдей.